

оқушыларды үйден шықпай-ақ білім алуға мүмкіндік берді [4]. Қазақстанның білім беру саласында қашықтан оқыту жүйесі енгізілгеннен кейін, көптеген мектептер мен университеттер онлайн платформаларды қолдана отырып, оқушыларға білім беруде жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланды. Онлайн платформалар мен цифрлық оқу материалдары білім беру сапасын арттырып, оқушылардың өздігінен оқу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс білім алу үдерісін икемді етеді және кез келген уақытта оқушының білім деңгейін тексеруге мүмкіндік береді. Мысалы, қашықтан оқыту кезінде оқу материалдарын бейнемазмұн, тесттер және интерактивті тапсырмалар арқылы жеткізу оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Цифрлық дағдыларды дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Қазақстанның педагогикалық білім беру жүйесінде оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға үлкен көңіл бөлінуде. Цифрлық дағдыларға ие болу тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де қажет. Осыған байланысты түрлі тренингтер мен курстар ұйымдастырылып, мұғалімдерге цифрлық технологияларды оқу процесінде тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Цифрлық сауаттылықты арттыру үшін мектептер мен жоғары оқу орындары оқушыларға түрлі цифрлық құралдарды қолдану, интернетті тиімді пайдалану және ақпаратты іздеу дағдыларын үйретуде. Бұл қадам Қазақстанның білім беру жүйесін жанартуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Цифрлық дағдыларды меңгерген ұрпақ әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болып, инновациялық салада жетістікке жете алады [5].

Қорытындылай келе, Қазақстанның педагогикалық білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация – бұл маңызды әрі қажетті процесс, өйткені ол білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге және ұлттық дәстүрлерді сақтау арқылы заманауи білім беру моделін қалыптастыруға ықпал етеді. Цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу білім беру процесін өзгертіп, оны заманауи талаптарға сай етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация Қазақстанның білім беру саласын әлемдік деңгейге көтерін, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетімізді цифрлық технологиялар арқылы жаңа ұрпаққа жеткізу үшін маңызды қадам болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смагулова, М.. Цифрлық Қазақстан: білім беру саласындағы жаңа бағыттар. Алматы: Ғылым, 2017.
2. Гришина, И.М. Современные педагогические технологии и цифровизация образования. Москва: Просвещение, 2017.
3. Турман, О.А. Технологии цифрового обучения в современной школе. Москва: Академия, 2018.
4. Соловьев, А.Е. Инновации в образовании: теория и практика. Санкт-Петербург: Питер, 2016.
5. Лукьянова, Н.П. Цифровизация образования в России и за рубежом. Москва: Наука, 2019.
6. Шарден, М. Цифровые технологии и национальная культура: гармония или противоречие? Алматы: Арман-ПВ, 2016.

ӘОЖ:373.3

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Алпыспаева А.Г., Шаяхметова М.Н.**

**Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан**

Бүгінгі жаһандану дәуірінде әлемдік білім беру жүйесінде орын алып жатқан өзгерістер мен жаңартулар оқыту үдерісіне жаңа талаптар қояды. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі де осы үдерістен шет қалмай, заманауи талаптарға сәйкес жаңартылған білім мазмұнына көшіп, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды, түрлі құзыреттіліктерді қалыптастыруды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда бастауыш білім беру сатысы – тұлғаның қалыптасуы мен дамуының іргетасы ретінде ерекше маңызға ие.

Коммуникативті құзыреттілік – оқушының қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті, өз ойын ауызша және жазбаша сауатты түрде жеткізе білуі, түрлі әлеуметтік жағдаяттарда өзін еркін сезінуі. Бұл құзыреттіліктің қалыптасуы – оқушының тек тілдік білімін меңгеруімен

шектелмей, оның әлеуметтік, тұлғалық және мәдени дамуымен тығыз байланысты. Әсіресе, бастауыш сынып кезеңі – баланың ана тіліндегі сөйлеу дағдылары мен коммуникациялық әрекетінің негізі қаланатын маңызды кезең.

Сондықтан да бұл мақалада бастауыш сыныпта коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері, тиімді әдіс-тәсілдері және мұғалімнің кәсіби рөлі жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі – қазіргі білім беру жүйесінде оқушыны тек біліммен қаруландыру ғана емес, оны өз пікірін ашық айта алатын, көпшілікпен еркін қарым-қатынас орната білетін, белсенді тұлға ретінде тәрбиелеу қажеттілігімен анықталады.

Коммуникативті құзыреттілік – бұл білім алушының тілдік, әлеуметтік және мәдени контекст жағдайында өзара тиімді қарым-қатынас орната білу қабілеті. Бұл ұғым ХХ ғасырдың соңында еуропалық тіл білімінде кеңінен қолданылып, қазіргі таңда білім беру саласындағы негізгі құзыреттіліктердің бірі ретінде қарастырылады. ЮНЕСКО, OECD сынды халықаралық ұйымдар білім алушылардың табысты әлеуметтенуі мен өмірлік дағдыларды меңгеруі үшін коммуникативтік құзыреттіліктің маңызын ерекше атап өтеді.

Бастауыш сынып оқушыларына тән психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, олардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізу қажет. Бұл жастағы балалардың зейіні тұрақсыз, ойлау әрекеті нақты-бейнелі, эмоциясы жоғары болады. Сондықтан білім беру барысында белсенді әрекетке, ойын арқылы оқытуға, көрнекілікке негізделген тәсілдер тиімдірек болып табылады.

Коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді жолдарына мыналарды жатқызуға болады:

1. Диалогтік оқыту технологияларының қолданылуы.

Бұл әдістер оқушылардың өзара пікір алмасуына, диалог құруына, дәлелді жауаптар беруіне, басқа пікірді тыңдап, түсінуге үйретеді. Мерсер мен Литлтонның зерттеулеріне сүйенсек, сапалы диалог оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың өзара түсіністігін нығайтады. Диалогтік оқыту барысында оқушы рөлден тындаушыға, сұраушыға, жауап берушіге еркін ауыса алады.

2. Топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыру.

Топ ішінде жұмыс жасау арқылы оқушы өзін еркін сезінеді, жауапкершілік пен серіктестік дағдылары дамиды. Мұндай жұмыс түрі оқушының тіл байлығын арттырып, сөздік қорын молайтады, ортақ шешім қабылдауға дағдыландырады.

3. Рөлдік және іскерлік ойындар.

Шынайы өмірлік жағдаяттарға еліктей отырып құрылған ойындар арқылы оқушылар сөйлеу мәдениетін меңгереді. Мысалы, «Дүкенде», «Қонақта», «Дәрігерде» секілді жағдаяттар арқылы оқушылар өзара диалог құрып, нақты тілдік конструкцияларды қолданып үйренеді.

4. Жазбаша және ауызша шығармашылық жұмыстар.

Әңгіме құрастыру, хат жазу, күнделік толтыру, ертегі аяқтау сияқты тапсырмалар оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларын қатар дамытуға мүмкіндік береді.

5. Интерактивті әдістер мен АКТ құралдарын пайдалану.

Мультимедиялық ресурстар, бейнероликтер, дидактикалық ойындар мен цифрлық платформалар баланың қызығушылығын арттырып, өз ойын визуалды және вербалды түрде жеткізу мүмкіндігін кеңейтеді.

Коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен сабақтағы дидактикалық ортаның дұрыс ұйымдастырылуы шешуші рөл атқарады. Мұғалім оқушының сөйлеу белсенділігін ынталандырып, тілдік кедергілерді жоюға, өзара құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға жағдай жасауы тиіс. Сонымен қатар, оқушылардың жетістігін формативті бағалау арқылы бақылау – кері байланыс алудың, әрі тілдік дағдының даму деңгейін бақылаудың тиімді құралы болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру – олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуының, функционалдық сауаттылығының басты көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Коммуникативті дағдылар арқылы бала тек тілдік білім алып қана қоймай, өз ойын еркін білдіруге, басқалардың пікірін құрметтеуге, әлеуметтік ортада өзін сеімді ұстауға үйренеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларына арналған коммуникативтік іс-әрекетке бағытталған оқыту тәсілдері (диалогтік оқыту, рөлдік ойындар, топтық жұмыс, шығармашылық тапсырмалар) олардың сөйлеу мәдениетін, танымдық белсенділігін, ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға тиімді ықпал етеді. Бұл әдістер оқушылардың

өзара әрекеттесуін жандандырып, білімді механикалық түрде емес, мағыналық деңгейде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Коммуникативті құзыреттілікті дамытудың табысты жүзеге асуы үшін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, оқытудағы инновациялық технологияларды меңгеруі және әрбір оқушыға бағытталған тұлғалық-бағдарлы көзқарасы шешуші мәнге ие. Сонымен қатар, оқу процесінде жағымды психологиялық орта құру, оқушылардың сөйлеу еркіндігі мен шығармашылығына жағдай жасау да маңызды.

Қорыта келе, бастауыш сыныпта коммуникативті құзыреттілікті мақсатты түрде және жүйелі дамыту — заманауи білім беру талаптарына сай тұлға қалыптастырудың негізі. Бұл бағытта жүргізілетін педагогикалық жұмыс баланың болашақ әлеуметтік және кәсіби табысына берік іргетас болмақ.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2020–2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Раритет, 2004.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Педагогика, 1982.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2006.
5. Ахметова А. Коммуникативтік құзыреттілік – білім беру мазмұнының негізі // Білім – Образование. – 2021.

ӘОЖ:373.3

#### Бастауыш сынып оқушыларына отбасы тәрбиесін сіңірудің тиімді әдістері

Альпилам Н., Шаяхметова М.Н.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтардың әлсіреуі, отбасы институтының өзгеруі, ақпараттық технологиялардың дамуымен қатар балалардың тәрбиесіне әсер ететін факторлардың күрделенуі – бастауыш сынып оқушыларына тәрбие беруді жаңа деңгейге шығаруды талап етеді. Отбасы – баланың алғашқы және ең маңызды тәрбие ортасы. Мұнда баланың мінез-құлқы, дүниетанымы, адамгершілік қағидалары қалыптасады. Әсіресе бастауыш мектеп жасында бала сыртқы әлемді белсенді түрде танып-біледі, ата-анасының, мұғалімінің, айналасындағы үлкендердің мінез-құлқына еліктейді. Сондықтан бұл кезеңде отбасы тәрбиесін тиімді жолмен жеткізу – ұстаз бен ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Қоғамның дамуында отбасының рөлі ерекше маңызды. Баланың алғашқы әлеуметтену ортасы – отбасы. Бұл ортада адамгершілік, рухани құндылықтар, әдеп, сыйластық сияқты негізгі қасиеттер қалыптасады. Әсіресе, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына бастауыш мектеп жасындағы кезең ерекше әсер етеді. Сол себепті де отбасы тәрбиесін мектепте жалғастыру, оны тиімді әдістер арқылы сіңіру – педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына отбасы тәрбиесін сіңірудің тиімді педагогикалық әдістері қарастырылады.

Отбасы – адам баласының ең алғаш тәлім-тәрбие алатын ордасы. Баланың дүниеге көзқарасы, алғашқы әдеп нормалары, қарым-қатынас мәдениеті, рухани құндылықтары отбасында қалыптасады. Қазақ халқының “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі” деген мақалы осы тұжырымды дәлелдейді. Бүгінгі таңда жаһандану дәуірінде бала тәрбиесіне кері әсер ететін ақпараттық кеңістіктің артуы отбасы тәрбиесінің рөлін бұрынғыдан да күшейтуді талап етеді. Зерттеулер көрсеткендей, ата-анасының мейірімі мен бақылауын көріп өскен балада өзін-өзі бағалау, сенімділік, жауапкершілік сынды тұлғалық қасиеттер жоғары дамиды. Ал бұл қасиеттер бастауыш мектеп жасындағы баланың оқу үлгеріміне, тәртібіне, мұғаліммен және құрдастарымен қарым-қатынасына тікелей әсер етеді. Бастауыш сынып – баланың танымдық, психологиялық және тұлғалық дамуының іргетасы қаланатын маңызды кезең. Бұл жаста балалар қоршаған ортаны қызығушылықпен танып, еліктеу арқылы үйренеді. Олар ата-анасының, мұғалімнің іс-әрекеттеріне қарап, дұрыс пен бұрысты ажырата бастайды. Сондықтан тәрбие процесінде үлгі боларлық тұлғалар мен жағымды орта маңызды рөл атқарады. Психологтар бұл жастағы балаларда өзін-өзі бақылау мен ерік-жігер толық